

**Сабақтың тақырыбы:**

**М.Әуезовтың  
әңгімелері мен  
мақалалары**



# Мұхтар Әуезов

- XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең биік тұлғасы - Мұхтар Омарханұлы Әуезов.
- Ол – қазақ әдебиетіндегі алғашқы роман-эпопеяның авторы қазақ әдебиетінің өркендеуіне үлес қосқан ұлы тұлға.
- Мұхтар Әуезов 1897 жылы 28 қыркүйекте қазіргі Семей облысының Абай ауданында дүниеге келген. Оның атасы Әуез Абаймен замандас болған. Мұхтар атасы Әуездің тәрбиесінде өскен. Атасы Мұхтарға Абайдың қолжазба өлеңдерін оқытып, жаттатып отырған. Бұл болашақ жазушының әдебиетке құштарлығын оятқан.

# Пьесалары:

«Еңлік-Кебек» (1922, Орынбор), «Қарғаз»(1926),  
«Октябрь үшін» (1933), «Айман – Шолпан» (1934,1936),  
Қарқыпшақ Қобыланды», « Бекет», «Түнгі сарын»(1934),  
«Тартыс»(1934), «Тастүлек»(1935), «Абай»,т.б.

Романы: «Абай жолы»

Аудармалары: Шекспир «Отелло», «Асауға тұсау»,  
Гоголь «Ревизор», Погодин «Ақсүйектер», Тренев «Любов  
Яровая»,

Тургенев «Дворян ұясы»

Әңгімелері: «Бүркітші», «Қорғансыздың күні», «Қаралы  
сұлу», «Өскен өркен», «Көксерек»,т.б.

Зерттеуі: Қырғыз эпосы «Манасты» терең зерттеп,  
монографиялық еңбек жазған.

Мақалалары: «Қазақтың өзгеше мінездері» (Ташкент,  
«Алаш» газеті), «Адамның негізі – әйел»(Семей,  
«Сарыарқа» газеті)



«Көксерек» - адам мен табиғат арасындағы байланысты көрсететін шығарма. Авторы - Мұхтар Әуезов - адам мен табиғат арасындағы байланысты көрсететін шығарма.

*Шығармада тек табиғат -*  
Авторы - Мұхтар Әуезов. Бұл адам қатынасын ғана емес, әңгіме 1929 жылы жазылған. сонымен бірге әке мен

*баланың арасындағы текетірестің де, қас пен дұшпан арасындағы араздық та көрсетілген.*



# Шығарма кейіпкерлері

**Құрмаш** - Көксеректі күшік кезінде ауылға әкеліп, бағып-қаққан.

**Көксерек** - күшік кезінде ауылға әкелінген. Көксерек ауыл иттерінен қорлық көреді. Иттер оны дос көрмейді, маңына жақындатпайды.

Қасқырға шабатын батыл төбеттер оны талайды, басқа иттер ырылдап үріп, кейде тап беріп, әр жерінен тістеп кетеді.

**Қасен** - Құрмаштың дұшпаны болып, көрген сайын мазақтап жүретін адам.

**Аққасқа** - Жұмаштың иті, Көксеректің баққасы. Онымен әрдайым күресіп, жарақат жасайтын ит.

**Бейсембай жылқышы** - Қолында шошайған сойылы бар, астында қатып қалған ақ бедеуі бар, жылқы бағып жүретін адам.


**Құрмаштың әжесі** - Құрмашты қолдап отырған адам. Соңында елді тегіс еңіретіп, Көксеректі басынан қарғап тұрып, тепті.

**Жұмаш** - Құрмаштың ауылдасы, баққасы. Үнемі Құрмашпен ұстасып жүретін бала.

**Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтың  
«Көксерек» шығармасы желісімен  
түсірілген "Көксерек" көркем фильмі  
1973 жылы көрермендерге жол  
тартты. Бүкілодақтық тұсаукесері  
1974 жылы 8 сәуірде Мәскеу  
қаласында өтті.**

**1974 жылы Әзірбайжан астанасы  
Бакуде өткен Бүкілодақтық  
кинофестивальдің бірінші жүлдесіне  
ие болып, Швейцарияның Локорно  
қаласында өткен кинофестивалінде  
құрмет грамотасымен  
марапатталды.**

**Қызықты деректер:**  
**Фильмге хайуанаттар**  
**бағынан жас қасқырлар**  
**алынған. Көксерек болып екі**  
**қасқыр ойнаған, екеуін де**  
**фильмге түсіру үшін Мәскеу**  
**қаласынан арнайы әкелген.**  
**«Қойға қасқыр шабу»**  
**көрінісіне түскен қылшық**  
**жүнді, теген құйрықты**  
**қойлар мал шаруашылығы**  
**институтының тәжірибе**  
**отарынан алынған.**  
**Фильм Қырғыз тауларының**  
**баурайында, Ыстықкөл**  
**жағалауында түсірілген.**





# Сұрақтар:

- Құрмаштың бөлтірік асырауы дұрыс па? Көксеректің Құрмашты өлтіруін қалай бағалайсыңдар?
- Жазушының идеясы не деп ойлайсыңдар?





**"Қараш-қараш оқиғасы"** - повесть. Бұл повесть 1927 жылы жазылған.

### **Қысқаша мазмұны**

Бақтығұлдың інісі Тектіғұл Сәлмен деген байдың кесірінен қайтыс болады. Бақтығұл кек алмақ болып, Сәлменнің жылқысын ұрлайды. Сәлмен осы жағдайды біліп, Бақтығұлды сабайды. Кейін ол үміт етіп Жарасбайға көмек сұрап барады. Бірақ Жарасбай оны сатып кетеді. Оған шыдай алмай кегінің орнына Жарасбайды мерт қылады.

### **Шығарма кейіпкерлері**

**Бақтығұл** -Еркіндікті аңсаған намысшыл қазақ. Інісі үшін кек алғысы келді. Бақтығұлдың үш баласы бар: үлкені Сейіт - он жаста, бес жасар Жұматай, ең кішісі - екі жасар, емшектен әлі шықпаған қара қыз - Бәтимә.

**Тектіғұл** - Бақтығұлдың інісі. Сәлменнің қолында жұмыс істегенде, оны сабап тастайды.

**Қатша** - Бақтығұлдың әйелі.

**Сәлмен** - Қозыбақ ауылында тұрған бай.

**Қоқай** - Бойы еңгезердей Сәлменнің қорқақ жылқышысы.

**Жамантай** - Басты жылқышы.

**Жарасбай** - Бақтығұл үміт етіп көмек сұраған адам. Соңында Бақтығұлды сатып кетеді.

***"Қараш-қараш оқиғасы" Тұрар Рысқұловтың әкесі -  
Рысқұлдың басынан кешкен оқиғалары бойынша  
жазылған***

# Мұхтар Әуезовтың мақалалары

Абайдың өмірбаянына қосымша материалдар  
(мақала)

Басты мәселе

Басты тақырып - халық

Бағалы еңбек

Бейбітшілік мүддесі үшін

Бес мың деген белден асарда

Биылғы мақсат (мақала)

Бәрімізді теңгерген заң (мақала)

Бөкеұлы Көжасар Жолдас

Қазақ бөлімдері туралы

Қазақ институты (мақала)

Қазақ оқығандарына ашық хат

Қазақ қызметкерлерінің міндеті